Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘОЖ 517.968(043.3) Қолжазба құқығында

КОНИСБАЕВА КУРАЛАЙ ТАЛГАТОВНА

Сингулярлы ауытқыған интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін бастапқы секірісті шеттік есеп

8D05401 - Математика білім беру
бағдарламасы

Философия докторы PhD
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші Дауылбаев Муратхан Кудайбергенович
ф.-м.ғ.д.,профессор

Шетелдік ғылыми кеңесші
Марат Ахмет
ф.-м.ғ.д.,профессор,
Орта-Шығыс техникалық университеті,Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 4
1 БАСТАПҚЫ СЕКІРІСІ БАР СИНГУЛЯРЛЫ АУЫТҚЫҒАН ИНТЕГРАЛДЫ-ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУ ҮШІН ШЕТТІК ЕСЕП ШЕШІМІНІҢ АСИМПТОТИКАЛЫҚ ЖИНАҚТЫЛЫҒЫ..... 20
1.1 Есептің қойылымы 20
1.2 Іргелі шешімдер жүйесін құру 21
1.3 Коши функциясын құру 23
1.4 Шекаралық функцияларын құру 24
1.5 Сингулярлы ауытқыған шеттік есептің аналитикалық формуласы ... 30
1.6 Шешімнің асимптотикалық бағалауы 35
1.7 Өзгертілген ауытқымаған есеп 38
1.8 Мысал 41
2 ЖОҒАРҒЫ РЕТТІ СИНГУЛЯРЛЫ АУЫТҚЫҒАН ИНТЕГРАЛДЫ - ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУ ҮШІН ШЕТТІК ЕСЕП ШЕШІМІНІҢ АСИМПТОТИКАЛЫҚ ЖІКТЕЛУІ 50
2.1 Шешімнің асимптотикалық жіктелуін құру алгоритмі 50
2.2 Шеттік есеп шешімінің асимптотикасын негіздеу 67
2.3 Мысал 69
ҚОРЫТЫНДЫ 76
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР 77

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда төмендегі стандарттарға сілтемелер қолданылды:

ҚР МЖМБС 5.04.034-2011. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Докторантура. Негізгі ережелер;

МЕМСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптары мен құрастыру ережелері;

МЕМСТ 7.32-2017. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және пішімдеу ережелері.

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Дифференциалдық және интегралды–дифференциалдық теңдеулер ғылым мен техникадағы кең ауқымды процесстерді сипаттаудың негізгі құралы болып табылады. Мұндай теңдеулердің маңызды класы ретінде кіші параметрі бар теңдеулерді атап айтсақ болады. Кіші параметрдің жай ғана «кіші сан» емес, ол жүйенің сапалық сипатын өзгертетін негізгі фактор болып табылады. Кіші параметр есебінен берілген теңдеуде ауытқу пайда болады. Яғни, теңдеуде кіші параметрдің болуы шешімнің қасиеттерінің айтарлықтай өзгеруіне әкеледі және бұл параметр нөлге ұмтылғанда арнайы талдауды қажет етеді.

Кіші параметрі бар теңдеулерді *регулярлы* және *сингулярлы* деп бөлеміз. Регулярлы ауытқыған теңдеу, $\varepsilon = 0$ болғанда өзінің бастапқы типін, ретін, шарттар санын сақтайды. Және кіші параметр регулярлы ауытқыған есептерде кез келген жерде орналасуы мүмкін, бастысы $\varepsilon = 0$ кезде фундаментальді құрылымын өзгертпесе болды (мәселен, дифференциалдық теңдеудің ретіне әсер етпесе). Мысалы, ε кіші параметрі кіші туындыда не ізделінді функцияның өзінде тұрса:

$$\frac{d^2y}{dt^2} + y + \varepsilon y^3 = 0,$$

мұндағы, $\varepsilon = 0$ болғанда дифференциалдық теңдеудің реті өзгертпейді.

Сингулярлық ауытқыған есептер кіші параметр нөлге ұмтылған кезде бастапқы теңдеуден өзге теңдеу туындайды, бұл оның ретінің өзгеруімен, шекаралық шарттардың сәйкестігінің бұзылуымен және шешім құрылымында шекаралық қабаттар мен секіріс сияқты ерекшеліктердің пайда болуымен сипатталады. Яғни, регулярлы ауытқыған есептің сингулярлы ауытқыған есептен негізгі айырмашылығы, $\varepsilon \to 0$ кезде регулярлы ауытқыған есеп шешімі ауытқымаған есепке барлық берілген аймақта жинақталады. Бұл тікелей ауытқу теориясындағы әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Ал, сингулярлы ауытқыған есепте шешім бірқалыпты жинақталмайды.

Жалпы бұл ауытқу теорияның атауынан, теңдеуге енгізілген азғантай ауытқудың өзі шешімнің сипатына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екендігін көрсетеді. Мұндай теңдеулер математикалық модельдеудің маңызды құралы болып табылады.

Сингулярлы ауытқыған есеп $\varepsilon \to 0$ ұмтылғанда дифференциалдық теңдеудің ретін төмендетіп, келесі қиындықтарға алып келеді: барлық бастапқы не шекаралық шарттарды қанағаттандыра алмайды, сондықтан шекаралық қабат пайда болуына әкеледі. Бұл қабаттарда шешімнің туындылары өте үлкен болып кетеді $\left(O\left(\frac{1}{\varepsilon}\right),\ O\left(\frac{1}{\varepsilon^2}\right),... \right)$, сол себепті тікелей ε бойынша қатарға жіктеу әдісін қолдана алмаймыз. Бұл сингулярлы

ауытқыған теңдеулердің казіргі уақытта зерттеуді талап ететін математиканың маңызды бір бөлігі екенін көрсетеді.

Жалпы кіші параметрі бар дифференциалдық теңдеулерді талдаудың негізінде жатқан ауытқу теориясы XVIII-XIX ғасырлардағы еңбектерден бастау алады. Ауытқу теориясының бастауы Л.Эйлер мен Дж.Стокстың еңбектерінен бастау алады десек болады. Алайда әрқайсысы әртүрлі бағытта зерттеді. Эйлер аспан механикасы арқылы, Дж.Стокс толқын теориясы жағынан қарастырды.

Эйлер алғаш болып, планеталардың орбитасы Кепплердің идеалды эллипсі емес, көрші планеталардың әсерінен траекториясының ауытқуынан пайда болатынын байқады. Ал. Дж.Стокс ауытқу теориясын тұтқыр ортадағы аймаққа әкелді. Ол судағы толқынды зерттей отырып, классикалық сызықты теңдеу олардың нақты сипатын бермейтінін байқады. Стокс кіші параметрді (биіктіктің ұзындыққа қатынасы ретінде) енгізіп, сөйтіп кіші параметр арқылы қатар түрінде шешімді көрсетті.

Ал, Анри Пуанкаре, жалпы заманауи ауытқу теориясы мен динамикалық жүйелердің негізін қалаушы ретінде есептеледі. Регулярлы ауытқудың математикалық теориясы А.Пуанкаренің жұмыстарында жинақталған. Оның әдісі (Пуанкаре–Ляпунов әдісі) регулярлы ауытқыған есептер үшін арналған еді. Ол есептің шешімін ε кіші параметрінің дәрежесі бойынша қатар арқылы іздеуді ұсынды [1]. Ал, Александр Ляпунов периодты шешімді анықтайтын, кіші параметрдің дәрежесі бойынша қатардың жинақтылығын зерттейтін әдіс ойлап тапты [2]. Кейін бұл жұмыстар Ю.А.Рябовтың жұмыстарында [3] жалғасын тапты.

1837 жылы А.Лиувиль алғаш рет параметрі бар екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеуді қарастырды. Бұл жұмысы қазіргі сингулярлы ауытқыған дифференциалдық теңдеулер теориясының бастамасы болды [12].

1907 жылы Шлезенгер [13] және 1908 жылы Биркгоф [14] жалпы сингулярлы ауытқыған дифференциалдық теңдеу үшін іргелі шешімдер жүйесінің құрылымы туралы теореманы дәлелдеді. Осылайша, сингулярлы ауытқыған теңдеулер теориясы кеңінен зерттеле бастады. Сингулярлы ауытқыған есептер стандартты емес болып көрінгенмін, олар зерттеу үшін ерекше қызығушылық тудырады, себебі олар бізге сапалық тұрғыдан жаңа құбылыстарды түсінуге мүмкіндік береді.

Ал, гидродинамикадағы шекаралық қабатты құбылыс алғаш рет Людвиг Прандтльмен қарастырылған. Ол 1904 жылы Халықаралық математикалық конгрессте шекаралық қабатқа арналған жұмысымен алғаш баяндама жасады [5]. Ал, Курт Отто Фридрихс алғашқылардың бірі болып «сингулярлы ауытқу» ұғымын алғаш енгізген. Оның жұмыстарында ауытқу теориясы механикалық есептерге қойылған. [6,7] Олардан өзге, американдық ғалымдар да сингулярлы ауытқыған теңдеулермен айналысқан болатын. Соның бірі, Н.Левинсон алғашқылардың бірі болып, сызықты емес шеттік есеп үшін шешімнің бар және жалғыздығын зерттеді[6]. Ал, В.Вазов жай дифференциалдық теңдеу үшін сингулярлы ауытқу теориясын және

асимптотикалық жіктелу бойынша жұмыс жасаған [8-11].

Сингулярлы ауытқыған теңдеулер физикада, химиялық кинетикада және математикалық биологиядағы процесстерді сипаттайтын математикалық модель ретінде және технология мен техникадағы қолданбалы есептерді зерттеуде қолданылады. Бұл математикалық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да қолданбалы теория мамандарының асимптотикалық әдіске қызығушылығын тудырады.

Әртүрлі асимптотикалық әдістердің дамуы туралы О'Мэлли [16] жұмыстарында, сингулярлы ауытқыған есепті зерттеу тарихы Василеваның кітабынан [24] табуға болады.

Асимптотикалық әдістер бойынша әртүрлі ауытқу әдістерінің кейбір аспектілерін және оларды қолдануды талқылайтын бірқатар кіріспе және кеңейтілген кітаптар бар. Олардың ішінде, мысалы, Чанг пен Хоуздың [25], Коулдың [26], Эрделидің [27], Хинчтің [28], Хоппенстедттің [29], Кеворкианның [30], Мердоктың [31], Мюррейдің [32], Нейленің [33-35], О'Мэллидің [15,16], Смиттің (36), Ван Дайктың [37], Вишиктің [38] және Вазовтың [39] монографиялары мен оқулықтары бар. Көптеген кітаптар кейбір нақты асимптотикалық әдісті сипаттауға арналған және негізгі идеялардан бастап нақты мысалдар үшін күрделі есептеулерге дейінгі материалдарды ұсынады.

Сингулярлы ауытқыған есептердің математикалық теориясы XX ғасырдың ортасынан бастап белсенді дами бастады. 40-шы жылдардан бастап шекаралық қабатты құбылысқа ие, сингулярлы ауытқыған теңдеулердің асимптотикалық интегралдау әдістерін құруда қарқынды зерттеулер жүргізіле басталды. Осы бағытқа елеулі үлес қосқан А.Н.Тихонов, Н.Н.Нефедов, В.Вазов, М.И.Вишик, Л.С.Понтрягин, Н.Н.Боголюбов, Ю.А.Митропольский, В.П.Маслов, Л.А.Люстерник, А.Б.Васильева, М.И.Иманалиев, С.А.Ломов, В.Ф.Бутузов, Қ.А.Қасымов және т.б. Осы ғалымдардың еңбегінің нәтижесінде сингулярлы ауытқыған теңдеуді шешуге арналған әртүрлі асимптотикалық әдістер пайда болды.

Алғашқы болып, Кеңес математигі, академик А.Н.Тихонов [40] сингулярлы ауытқыған теңдеулердің математикалық теориясының негізін қалады десек болады. Оған дейін физикалық не техникалық есептерге қарастырылған болатын. Тихоновқа дейін сызықты сингулярлы ауытқыған есеп шешімі үшін физикада маңызды инструмент ВКБ (Вентцель–Крамерс–Бриллюэна) әдісі болды. А.Н. Тихоновтың жоғары туындысының алдында кіші параметрі бар жай дифференциалдық теңдеулер жүйесіне арналған жұмыстары (Тихонов жүйесі деп аталатын) бүкіл теория үшін үлкен серпін берді. Ол t=0 нүктесінің аз маңайынан өзге бүкіл кесінді аралығында берілген жүйенің шешімі ауытқымаған жүйе шешіміне ($\varepsilon = 0$ болғанда алынған) жинақталу шартын берді. Бұл жұмыс кейінгі [41,42] жұмыстарында да жалғасын тапты. Және кейінгі шекаралық қабатты функциялар әдісі мен әйгілі Тихонов теоремасының туындауына алып келді.

А.Н.Тихоновтың құрған сингулярлы ауытқыған есептер теориясын ары

қарай шәкірттері жалғастырды және кеңейтті. Олар тереңірек зерттей отырып, әртүрлі есептерге қолдана бастады. Ең белгілі және тікелей Тихоновтың жұмыстарын ары қарай жалғастырған А.Б.Васильева болды [19-23]. Ол шекаралық қабатты функция әдісін қалағандарының бірі болды. Бұл әдіс арқылы сингулярлы ауытқыған есептің шешімінің асимптотикалық жіктелуін құруға болады. *Шекаралық қабатты функциялар әдісі* бойынша сингулярлы ауытқыған есеп шешімі екі бөліктен тұратын қосынды ретінде беріледі

$$y(t,\varepsilon) = \bar{y}(t) + \Pi(\tau,\varepsilon).$$

мұндағы $\bar{y}(t)$-регулярлы бөлік, ауытқымаған есеп шешімі, $\Pi(\tau,\varepsilon)$– шекаралық қабатты бөлік. Неге шекаралық қабатты функция енгізді деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл $\varepsilon \to 0$ болғанда теңдеудің реті төмендейді, шекаралық шарттардың жарты бөлігі қалып кетеді. Қарапайым ауытқымаған есеп барлық шарттарды қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, шекаралық қабатты функция енгізіледі. Бұл әдіс арқылы шешімнің бірқалыпты жинақтылығын аламыз. Бұл диссертациялық жұмыста да, шекаралық қабатты функциялар әдісі қолданылады.

Вишик пен Люстерниктің [43] жұмысы Тихонов принципін жалғастыра отырып, сингулярлы ауытқыған есептер теориясында маңызды орын алды. Бұл жұмыс, ең жоғарғы туындыларының алдында кіші параметрі бар сызықты дербес туындылы дифференциалдық теңдеуге және жай дифференциалдық теңдеуге бағытталған. Ең алғаш шекаралық қабатты функиялар әдісі жүйелі түрде дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерге қолданды. Бұл мақаладан кейінгі [44-45] жұмыстарымен толыққан Вишик–Люстерник әдісі, математикалық физикада сингулярлы ауытқыған шеттік есептің асимптотикалық талдауы үшін маңызды инструмент болып қалды.

Теорияның негізгі бағыттарын одан әрі дамытуға Л.С. Понтрягин [51], Н.Н. Боголюбов, Ю.А. Митропольский [52], М.И. Вишик, Л.А.Люстерник [53], А.Б. Васильева, В.Ф. Бутузов [54], С.А.Ломов [55], Иманалиев М.И. [56] және т.б. елеулі үлес қосқан.

Асимптотикалық әдістердің негіздері мен сингулярлы ауытқу теориясы, соның ішінде шекаралық функция әдісі, контрасты құрылымдар теориясы және шекаралық және ішкі қабаттарды талдау [57-64] еңбектерінде ұсынылған. Геометриялық сингулярлы ауытқу теориясы [65-68] жұмыстарында есепті геометриялық тұрғыдан қарастырды және онда Фенихель теориясының қолданылуы жүйеленді, көп өлшемді жүйелердегі «үйректер» типті (canards) арнайы шешімдер зерттелді. Ал, көп өлшемді динамика және кіші параметрлі теңдеулер үшін сандық әдістер [69-75] қарастырылды.

21 ғасырдың басында сингулярлы ауытқу теориясы тиімді басқару есептері мен көп өлшемді процестерді қоса алғанда, іргелі және қолданбалы

есептерінде айтарлықтай дамыды [76-82]. М.Иманалиев сингулярлы ауытқыған интегралды-дифференциалды теңдеулердің шешімдерін құруға айтарлықтай үлес қосты[83,84], ал бисингулярлық есептердің дамуы Турсынов Д. пен Алымкулов К.[85-89] жұмыстарымен байланысты.

Сингулярлы ауытқыған есептерді заманауи зерттеулер сандық және аналитикалық әдістердің кең ауқымын қамтиды, соның ішінде арнайы шекаралық функцияларды пайдаланатын коллокациялық тәсілдер [90] және периодтық шеттік есептері үшін бірқалыпты емес торлардағы схемалар [91] жұмыстарында қарастырылған. Банах кеңістіктеріндегі бірнеше спектрлі жүйелер мен есептердің шешімдерін асимптотикалық талдау теориясы [92,93] жұмыстарында зерттелді. Бұл нәтижелер сингулярлы ауытқу теориясын одан әрі зерттеу үшін негіз болып табылады.

Шетелдік ғалымдардан бөлек, Қазақстандық ғалымдар да сингулярлы ауытқыған есептер теориясымен айналысты. Солардың ең алғашқысы, Л.А.Люстерниктің шәкірті Қ.А.Қасымов еді. Қ.Қасымов және оның шәкірттері күрделі сингулярлы ауытқыған есептер үшін конструктивті асимптотикалық әдіспен айналысты. Негізі, ол сингулярлы ауытқыған дифференциалдық және интегралды–дифференциалдық теңдеулерді зерттеді. Қ. Қасымов алғашқылардың бірі болып өзгертілген асимптотикалық әдісті кең ауқымды класстағы сингулярлы ауытқыған интегралды–дифференциалдық теңдеулер үшін (Коши есебі және шеттік есептеріне) қолданды. Интегралды–дифференциалдық теңдеулер жай дифференциалдық теңдеуге қарағанда күрделі екені белгілі. Оң жағындағы интегралдық мүше қиындықтар туғызатыны анық. Қ.Қасымовтың жұмыстары осындай теңдеу шешімінің асимптотикалық жіктелуін құруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қ.Қасымовтың маңызды нәтижелерінің бірі шешімде пайда болатын бастапқы секіріс құбылысын табуы және анализ жасауын айтуға болады.

М.И. Вишик пен Л.А. Люстерник [45] және Қ.А. Қасымов [46] сәйкес өз жұмыстарында екінші ретті кіші параметрлі сызықты емес дифференциалдық теңдеу үшін бастапқы секірісті бастапқы есепті қарастырған. Олар берілген бастапқы есеп шешімі өзгертілген шарттары бар ауытқымаған есеп шешіміне $\varepsilon \to 0$ болғанда ұмтылатындығын көрсетті. Мұндай есептерді бастапқы секірісті Коши есебі деп атай бастады. Ал, кіші параметрлі сызықты емес жай дифференциалдық теңдеулер жүйесі, интегралды–дифференциалдық теңдеулер және гиперболалық типті дербес туындылы теңдеулер үшін Коши есебінің жалпы жағдайын Қ.А.Қасымов зерттеді [47-50] және казіргі уақытта шәкірттері жалғастыруда.

Соңғы он жылдықта бұл зерттеудің ауқымы кеңейіп, бөлікті–тұрақты аргументті және импульстік әсері бар дифференциалдық теңдеулер теориясы дамуда. М. Ахмет алғаш рет жалпыланған типтегі бөлікті-тұрақты аргументті дифференциалдық теңдеулерді зерттеуді ұсынды [100-105]. Қазіргі уақытта бұл теңдеулер кеңінен қолданылады және теорияның негізі қаланған. М. Ахмет жасаған теория аясында жазылған көптеген еңбектер бар.

2018 жылдан бастап, М.Ахмет пен А.Е. Мирзакулованың жұмыстарында бөлікті-тұрақты дифференциалдық теңдеудің ең жоғарғы туындысының алдына кіші параметр енгізіліп, елеулі нәтиже алынды. Казіргі уақытта М.Ахмет, М.К. Дауылбаев мен А.Е. Мирзакулова осы бағытта бірнеше жұмыстар жасап, нәтижелер алуда [106-108].

Ал, импульстік әсері бар дифференциалдық теңдеулерді алғаш рет Ахмет пен Чаг зерттеді [109-111]. Кейіннен кіші параметр енгізіп, М.Ахмет пен Н.Авилтай ары қарай жалғастырды [112,113].

Сонымен қатар, казіргі уақытта Калимбетов Б.Т. Ломовтың регулиризация әдісімен сингулярлы ауытқыған интегралды-дифференциалдық теңдеулерді зерттеуде [114,115].

Бастапқы секірісті ең жоғарғы туындысының алдында кіші параметрі бар жай дифференциалдық теңдеу үшін бастапқы және шеттік есепті Қ.Қасымов пен Д.Нұрғабыл зерттеген, ал интегралды-дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер М.Дауылбаев пен оның шәкірттерімен [94-99] жұмыстарында қарастырылған.

Бұл жұмыстардың барлығында кіші параметр тек ең жоғарғы туындысының алдында кездесетін еді. Алғаш рет бірнеше жоғарғы туындыларының алдында кіші параметрі бар жай дифференциалдық теңдеуді қарастырып, талдау жасаған Вишик пен Люстерник еді [43]. Кейін, 2012 жылы алғашқы болып Қ.Қасымов пен Д. Нұрғабыл алғашқы m туындысының алдында кіші параметр бар сингулярлы ауытқыған біртекті емес жай дифференциалдық теңдеу үшін Коши есебін [116], кейінірек шеттік есепті қарастырды [117,118]. Ал, алғашқы m туындысының алдында кіші параметр бар сингулярлы ауытқыған интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін Коши есебін М. Дауылбаев және А.Мирзакулова зерттеді [119,120]. Алайда, сингулярлы ауытқыған интегралды–дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есеп қарастырылмаған еді.

Бұл диссертациялық жұмыста ең жоғары бірнеше туындыларының алдында кіші параметрлері бар интегралды–дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептердің шешімін құру алгоритмі ұсынылады. Мұндай зерттеу бұрын жүргізілмеген.

Зерттеу мақсаты. Жоғарғы ретті сингулярлы ауытқыған сызықты интегралды–дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есепті зерттеу.

Зерттеу нысаны. Сингулярлы ауытқыған сызықты интегралды–дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есеп.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмыста сингулярлы ауытқыған сызықты интегралды–дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есеп шешімін іздеу үшін шекаралық қабатты функциялар әдісі қолданылады.

Теориялық және практикалық құндылығы. Диссертациялық жұмыс теориялық сипатқа ие. Алынған нәтижелер сингулярлы ауытқыған интегралды-дифференциалдық теңдеулер теориясының дамуына маңызды үлес қосады. Теңдеу сингулярлы ауытқыған теңдеулердің ең маңызды кластарының бірі. Ол физика, химия, биология, инженерия және басқа да

салалардағы әртүрлі процестерді зерттейтін математикалық модель болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысы, осыған дейін бар болған сингулярлық ауытқу теориясын толықтырады және дамытады. Осылайша, бұл жұмыс күрделі операторлық теңдеулерді талдаудың асимптотикалық әдістерін одан әрі дамыту үшін өте маңызды.

Сонымен қатар, алынған нәтижелерді дифференциалдық теңдеулер, қолданбалы математика, механика және математикалық модельдеу бойынша мамандарды даярлауға арналған білім беру бағдарламаларында пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы. Диссертациялық жұмыс «Сингулярлы ауытқыған дифференциалдық, интегралды-дифференциалдық және импульстік теңдеулер шешімдерінің асимптотикалық бағалаулары» (№AP23488301, 2024-2026жж.) жобасы аясында қаржыландырылып орындалды және докторант К.Конисбаева жоба орындаушысы ретінде қатысуда.

Ғылыми жаңалығы. Қорғауға ұсынылған негізгі нәтижелер. Диссертациялық жұмыста бұрын қарастырылмаған есептер зерттеліп, келесі жаңа нәтижелер алынды:

- ең үлкен m туындыларының алдында кіші параметрі бар m+n ретті сингулярлы ауытқыған сызықтық интегралды-дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептің шешімінің аналитикалық формуласы алынды.
- сингулярлы ауытқыған есептің шешімінің асимптотикалық бағалаулары алынды;
- сингулярлы ауытқыған есеп шешімінің және оның туындыларының өсу реті белгіленді;
- өзгертілген ауытқымаған есеп құрылды;
- ауытқыған және өзгертілген ауытқымаған есептер шешімдерінің айырмасының бағалауы алынды;
- шешімнің және интегралдық мүшенің бастапқы секірісінің мәндері табылды;
- шеттік есеп шешінің кіші параметрге қатысты кез келген дәлдікпен асимптотикалық жіктелуі құрастырылды.

Аппробация. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясында (Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір, 2021ж.), «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясында (Алматы, Қазақстан, 6-7 сәуір, 2023ж.), Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 70 жылдығына және Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Математика институтының 40 жылдығына арналған «V Бөрібаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы (20-21 маусым 2024 ж.), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына және академик Ш. С. Смағұловтың 75 жылдығына арналған "Ғылым, инженерия және білім берудегі есептеу және ақпараттық технологиялар" (CITech-2024) конференциясы (23-24 қазан 2024 ж.), Математикалық конгресс-2026,

ғалымдар күніне арналған дәстүрлі халықаралық математикалық сәуір конференциясы (3-7 сәуір 2026 ж.), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультеті математика кафедрасының ғылыми семинарында баяндама жасалынды және талқылаудан өтті.

Ғылыми тұжырымдардың, қорытындылар мен нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі. Зерттеу жұмысындағы алынған нәтижелер осыған дейін белгілі ғалымдар жасаған дәлелдемелермен, индекстелеген Халықаралық журналдардағы жарияланымдармен, сонымен қатар конференция материалдары арқылы расталады.

Жарияланымдар. Диссертацияның нәтижелері бойынша 7 жұмыс жарияланды:

–Web of Science және Scopus деректер қорына енетін басылымдардағы жарияланымдар:

1. Dauylbayev M.K., Konisbayeva K.T. Asymptotical Convergence of Solutions of Boundary Value Problems for Singularly Perturbed Higher-Order Integro-Differential Equations / Quaestiones Mathematicae Published online: 5 Jul V47, 2024 https://doi.org/10.2989/16073606.2024.2364297 Квартиль:Q2 Процентиль: 54, Индекс цит.: 1.4, SJR: 0.44 [121]

2. Dauylbayev M.K., Konisbayeva K.T. Asymptotic expansion of the solution of a boundary value problem for singularly perturbed integro-differential equations of higher orders\ Boundary Value Problem Journal \ 2025 (WoS (SCIE) Q2) https://doi.org/10.1186/s13661-025-02140-5 Квартиль: Q1, Процентиль: 75, Индекс цит.: 2, SJR: 0.479 [122]

3. Mirzakulova A.E., Dauylbayev M.K., Konisbayeva K.T. Asymptotic estimations of the solution of a singularly perturbed equation with piecewise constant argument Lobachevskii Journal of Mathematics/45(4), 2024г. DOI:10.1134/S1995080224601450 Квартиль: Q2, Процентиль: 57, Индекс цит.: 1.5, SJR: 0.435 [124]

4. Mirzakulova A.E., Konisbayeva K.T. Uniform asymptotic expansion of the solution for the initial value problem with a piecewise constant argument / Bulletin of the Karaganda, «Mathematics Series».- 116(4), 2024 г. https://doi.org/10.31489/2024m4/138-148 Квартиль: Q2, Процентиль: 53, Индекс цит.: 1.4, SJR: 0.392 [125]

5. Atakhan N., Nurpeissov K.S., Konisbayeva K.T. Asymptotic estimations of the solution for a singularly perturbed equation with unbounded boundary conditions \ Bulletin of the Karaganda, «Mathematics Series».- №4(108)/2022 https://doi.org/10.31489/2022m4/20-33 Квартиль: Q2, Процентиль: 53, Индекс цит.: 1.4, SJR: 0.392 [123]

6. M.K. Dauylbayev, K.T. Konisbayeva, N.R. Tortbay Integral BVP for singularly perturbed system of differential equations // International Journal of Mathematics and Physics 12, No1, 25 (2021). С. 25-33. DOI:https://doi.org/10.26577/ijmph.2021. v12.i1.04 Квартиль:Q4, Процентиль: 7, Индекс цит.: 0.157, SJR: 0.4 [126]

7. K.T. Konisbayeva, M.K. Dauylbayev, Mirzakulova A.E., Asymptotic estimates of the solution of the BVP for singularly perturbed integro-differential equations// Journal of Mathematics, Mechanics and Computer Science. №1(129)-2026. – P. 39-51. https://doi.org/10.26577/JMMCS129120264 Квартиль:Q4, Процентиль: 18, Индекс цит.: 0.157, SJR: 0.4 [127]

–Халықаралық ғылыми конференциялардың еңбектеріндегі жарияланымдар:

1. Сингулярлы ауытқыған дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін интегралды шеттік есеп // «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» халықаралық ғылыми конференциясы, Алматы, 7-8 сәуір 2021 жыл: баяндамалар тезистері (Алматы –2021. –19 б.).[128]
2. Жоғары туындыларының алдында кіші параметрі бар сингулярлы ауытқыған интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есеп // «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» халықаралық ғылыми конференциясы, Алматы, 4-6 сәуір 2024 жыл: баяндамалар тезистері (Алматы –2024. –21б.). [129]
3. Асимптотическая оценка решения краевых задач для сингулярно возмущенных интегралды-дифференциальных уравнений // Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 70 жылдығына және Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Математика институтының 40 жылдығына арналған «V Бөрібаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы, Бишкек, Қырғызстан, 20-21 маусым 2024 ж: баяндамалар тезистері. (Бишкек-2024. 59 б.) [130]
4. Asymptotic expansion of singularly perturbed integro-differential equations //Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына және академик Ш. С. Смақұловтың 75 жылдығына арналған "Ғылым, инженерия және білім берудегі есептеу және ақпараттық технологиялар" (CITech-2024) конференциясы, Алматы, Қазақстан, 23-24 қазан 2024 ж: баяндамалар тезистері. (Алматы-2024. 89 б.) [131]
5. Сингулярлы ауытқыған интегро-дифференциалдық теңде үшін шеттік есеп шешімінің асимптотикалық бағалауы // Математикалық конгресс-2026. Ғалымдар күніне арналған дәстүрлі халықаралық математикалық сәуір конференциясы, Шымкент, Қазақстан, 3-7 сәуір 2026 ж: баяндамалар тезистері. [132]

Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша 5 жұмыс жарияланды, оның ішінде: –бірінші (Q1) квартильге енгізілген Boundary Value Problem (Scopus дерекқорында процентилі 75) журналында 1 мақала, екінші (Q2) квартильге енгізілген Quaestiones Mathematicae (Scopus дерекқорында процентилі 54), Lobachevskii Journal of Mathematics (Scopus дерекқорында процентилі 57) , және Bulletin of the Karaganda, «Mathematics Series» (Scopus дерекқорында процентилі 53) журналдарында 4 мақала және (Q4)квартильге енгізілген International Journal of Mathematics and Physics (Scopus дерекқорында процентилі 7), Journal of Mathematics, Mechanics and Computer Science (Scopus дерекқорында процентилі 18) журналдарында 2 мақала; – Халықаралық конференциялардың тезистер жинағында 5

жарияланым.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық зерттеу жұмысы нормативтік сілтемелерден, кіріспеден, негізгі екі бөлімнен (әр бөлім бөлімшелерден), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның көлемі 85 бет.

Диссертацияның мазмұны. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде таңдалған тақырыптың өзектілігі түсіндіріледі, ғылыми жаңалығы тұжырымдалады, қолданылған зерттеу әдістері сипатталады, алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы сипатталады және жұмыстың құрылымына қысқаша шолу жасалады.

Бірінші бөлімде қосымша сипаттауыш теңдеудің түбірлері теріс болған жағдайда, m жоғары туындыларының алдында кіші параметрлері бар n+m ретті сызықтық интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін екі нүктелі шекаралық есеп қарастырылады.

Келесі түрдегі $n+m$ ретті сингулярлы ауытқыған сызықты интегралды–дифференциалдық теңдеуді

$$L_\varepsilon y=\sum_{r=1}^{m}\varepsilon^r A_{n+r}(t)\frac{d^{r+n}y}{dt^{r+n}}+\sum_{k=0}^{n}A_k(t)\frac{d^k y}{dt^k}=F(t)+\int_0^1\sum_{j=0}^{n_1+p}H_j(t,x)y^{(j)}(x,\varepsilon)dx \tag{1.1}$$

шекаралық шарттарымен

$$\begin{cases}\left.\dfrac{d^i y}{dt^i}\right|_{t=0}=\alpha_i, \quad i=\overline{0,l-1}\\ \left.\dfrac{d^i y}{dt^i}\right|_{t=1}=\beta_i, \quad i=\overline{0,q-1}\end{cases} \tag{1.2}$$

қарастырамыз, мұндағы $\varepsilon>0-$ кіші параметр, α_i,β_i- белгілі тұрақтылар, $A_n(t)\neq 0,\ \ A_{n+m}(t)=1,\ \ m+n=l+q,\quad p=\overline{1,m}.$

Келесі шарттар орындалсын:

I. $A_i(t)\in C^{n+m-1}([0,1]),\quad i=\overline{0,n+m},\quad F(t)\in C([0,1])$,

$H_i(t,x)\in C^{m-1}(D),\quad i=\overline{0,n_1+p},\quad D=(0\le t\le 1,0\le x\le 1).$

II. Қосымша сипаттауыш $\mu^m(t)+A_{m+n-1}(t)\mu^{m-1}(t)+\ldots+A_n(t)=0$ теңдеуі m теріс әртүрлі түбірлерге ие және $m<l,\ l-m=n_1$.

III.

$$\overline{J}_0 = \begin{vmatrix} h_1 y_{10}(t) & h_1 y_{20}(t) & \dots & h_1 y_{n0}(t) \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ h_{n_1} y_{10}(t) & h_{n_1} y_{20}(t) & \dots & h_{n_1} y_{n0}(t) \\ h_{l+1} y_{10}(t) & h_{l+1} y_{20}(t) & \dots & h_{l+1} y_{n0}(t) \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ h_{n+m} y_{10}(t) & h_{n+m} y_{20}(t) & \dots & h_{n+m} y_{n0}(t) \end{vmatrix} \neq 0,$$

IV. 1 саны ε параметрінің жеткілікті аз мәнінде $H(t,s,\varepsilon)$ өзегінің меншікті мәні болмасын.

V.

$$\overline{\Delta} = \begin{vmatrix} 1+\overline{d}_{l+1}(1) & \overline{d}_{l+2}(1) & \dots & \overline{d}_{l+q}(1) \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ \overline{d}_{l+1}^{(q-1)}(1) & \overline{d}_{l+2}^{(q-1)}(1) & \dots & 1+\overline{d}_{l+q}^{(q-1)}(1) \end{vmatrix} \neq 0,$$

мұндағы $\overline{d}_{l+i}^{(j)}(1),\ i=\overline{1,q},\ j=\overline{0,q-1}$ (1.1) теңдеудің коэффициенттері арқылы өрнектеледі.

Зерттеудің мақсаты - шешімнің асимптотикалық бағалауларын алу, қосымша шарттар қойылған нүктелердің маңындағы шешімдердің асимптотикалық сипатын анықтау, сондай-ақ берілген сингулярлы ауытқыған есептің шешімі ұмтылатындай сәйкес өзгертілген ауытқымаған есепті құру. Және интегралдық мүшедегі туындының ретін сипаттайтын бекітілген $p=\overline{1,m}$ параметрдің шеттік есептің сапалық сипатына әсері қарастырылады. Ол үшін ең алдымен сингулярлы ауытқыған біртекті дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есептің $K(t,s,\varepsilon)$ Коши функциясы және $\Phi_i(t,\varepsilon),\ i=\overline{1,n+m}$ шекаралық функциялары құрастырылып, сәйкес шешімнің аналитикалық формуласы үшін келесі теорема алынды.

Теорема 1. Егер I-V шарттар орындалса, онда (1.1), (1.2) шеттік есебінің шешімі [0,1] кесіндісінде бар, жалғыз және келесі формуламен өрнектеледі:

$$y^{(j)}(t,\varepsilon) = \sum_{i=1}^{l} \alpha_{i-1} Q_i^{(j)}(t,\varepsilon) + \sum_{i=1}^{q} C_{l+i} Q_{l+i}^{(j)}(t,\varepsilon) + P^{(j)}(t,\varepsilon), \quad j=\overline{0,n+m-1} \tag{1.3}$$

мұндағы, $Q_i(t,\varepsilon),\ i=\overline{1,n+m}$ және $P(t,\varepsilon)$ келесі формуламен

$$Q_i(t,\varepsilon)=\Phi_i(t,\varepsilon)+\frac{1}{\varepsilon^m}\int_0^t K(t,s,\varepsilon)\varphi_i(s,\varepsilon)ds,$$

$$\varphi_i(t,\varepsilon)=\int_0^1\sum_{j=0}^{n_1+p}H_j(t,x,\varepsilon)\Phi_i^{(j)}(x,\varepsilon)dx, \qquad (1.4)$$

$$P(t,\varepsilon)=\frac{1}{\varepsilon^m}\int_0^t K(t,s,\varepsilon)F(s,\varepsilon)ds.$$

ал, C_{l+i}, $i=\overline{1,n+m}$ келесі формуладан анықталады

$$C_i=\alpha_{i-1},\ i=\overline{1,l},$$

$$\overline{C}_{l+i}=\frac{1}{\overline{\Delta}}\left[\sum_{k=1}^{q}(-1)^{k+i}\overline{\Delta}_{ki}\left(\beta_{k-1}-\overline{P}^{(k-1)}(1)-\sum_{j=1}^{n_1+p}\alpha_{j-1}\overline{d}_j^{(k-1)}(1)+\sum_{j=l+1}^{l+q}\alpha_{j-1}\overline{d}_j^{(k-1)}(1)\right)\right],\quad i=\overline{1,q} \qquad (1.5)$$

Теорема 1-дің дәлелдеуі, (1.4), (1.5) формуласын есептеуден тікелей шығады.

(1.3) шешімнің асимптотикалық сипатын және сәйкес (1.4),(1.5) формулаларын пайдалану арқылы, қарастырылып отырған шеттік есептің шешімі үшін асимптотикалық бағалауы туралы теорема алынды.

Теорема–2. Егер I-V шарттар орындалса, онда (1.1), (1.2) шеттік есебінің шешімі $\varepsilon\to 0$ ұмтылғанда келесі асимптотикалық бағалауды қанағаттандырады:

$$|y^{(j)}(t,\varepsilon)|\le C\left[\sum_{i=1}^{n_1}|\alpha_{i-1}|+\sum_{i=1}^{q}|\beta_{i-1}|+\max_{0\le t\le 1}|F(t)+\sum_{i=1}^{n_1}\alpha_{i-1}\overline{\varphi}_i(t)+\right.$$

$$\left.+\left(\sum_{i=1}^{p}|\alpha_{n_1+i-1}|+\varepsilon^i\sum_{i=p+1}^{m}|\alpha_{n_1+i-1}|\right)\overline{\varphi}_{n_1+i}(t)+\sum_{i=1}^{q}\beta_{i-1}\overline{\varphi}_{n_1+m+i}(t)\right|\Bigg]+$$

$$+C\varepsilon^{n_1-j}e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}}\left[\left(\sum_{i=1}^{n_1}|\alpha_{i-1}|+\sum_{i=1}^{q}|\beta_{i-1}|\right)\left|\sum_{k=1}^{m}(-1)^k\frac{\mu_k^j(t)\omega_{1k}(0)}{\mu_k^{n_1}(0)\omega(0)}\right|+\right.$$

$$+\sum_{i=1}^{m}\varepsilon^{i-1}|\alpha_{n_1+i-1}|\left|\sum_{k=1}^{m}(-1)^{k+i}\frac{\mu_k^j(t)\omega_{ik}(0)}{\mu_k^{n_1}(0)\omega(0)}\right|+ \qquad (1.6)$$

$$\left.+\varepsilon^q|F(t)|\left|\sum_{k=1}^{m}(-1)^{k+m}\frac{\mu_k^j(t)\omega_{mk}(0)}{\mu_k^{n+1}(0)\omega(0)}\right|\right],\ j=\overline{0,n+m-1},$$

мұндағы $\overline{\varphi}_{n_1+i}(t),\ i=\overline{1,m}$ келесі түрде анықталады

$$\varphi_{n_1+i}(s,\varepsilon)=\begin{cases}\sum_{k=0}^{p-i}(-1)^{k+1}H^{(k)}_{n_1+i+k}(s,0)+O(\varepsilon)=\overline{\varphi}_{n_1+i}(t)+O(\varepsilon),\ \ i=\overline{1,p}\,,\\ \varepsilon^i\left[-\frac{\omega_i(0)}{\overline{J}\omega(0)}\int_0^1\left(\sum_{j=0}^{n_1-1}\overline{H}_j(s,x)\overline{J}^{(j)}_{n_1}(x)+\sum_{j=0}^{p}(-1)^{j+1}\overset{(j)}{\overline{H}}_{n_1+j}(s,x)\overline{J}^{(n_1)}_{n_1}(x)\right)dx+\right.\\ \left.+\sum_{k=0}^{p-i}(-1)^{i+j}\overline{H}^{(j)}_{n_1+j}(s,0)\frac{\omega_i(0)}{\omega(0)}+\sum_{k=0}^{p-1}\sum_{j=1}^{p-k}(-1)^j H^{(j-1)}_{n_1+k+j}(s,1)\frac{\overline{J}^{(n_1+k)}_{n_1}(1)\omega_i(0)}{\overline{J}_0\omega(0)}+O(\varepsilon)\right]\equiv\\ \equiv\ -\varepsilon^i\left(\overline{\varphi}_{n_1+i}(s)+O(\varepsilon)\right),\ i=\overline{p+1,m}\end{cases}$$

ал $\omega(s)$ Вандермонд анықтауышы келесі түрдегі сипатқа ие

$$\omega(s)=\begin{vmatrix}1 & 1 & \dots & 1\\ \mu_1(s) & \mu_2(s) & \dots & \mu_m(s)\\ \dots & \dots & \dots & \dots\\ \mu_1^{m-1}(s) & \mu_2^{m-1}(s) & \dots & \mu_m^{m-1}(s)\end{vmatrix}$$

және $\omega_{mk}(s)-\ \omega(s)$ анықтауышының m-ші жатық жол мен k-ші бағанды алып тастағандағы анықтауыш. Ондай болса, келесі тепе теңдіктің орынды

екендігін айта кеткен жөн:

$$\sum_{k=1}^{m}(-1)^{k+i}\left.\frac{\mu_k^j(t)\omega_{ik}(0)}{\mu_k^{n_1}(0)\omega(0)}\right|_{t=0}\equiv 0,\ \ j=\overline{n_1+i,n_1+m-1},\ i=\overline{1,m},$$

$$\sum_{k=1}^{m}(-1)^{k+m}\left.\frac{\mu_k^j(t)\omega_{mk}(0)}{\mu_k^{n+1}(0)\omega(0)}\right|_{t=0}\equiv 0,\ \ j=\overline{n_1+i,n_1+m-1},$$

Шешімнің кіші параметрге қатысты асимптотикалық бағалауының сипаты және оның туындыларының өсу реті белгіленген. Сәйкесінше, Теорема 2-ден келесі тұжырымды аламыз:

$$y^{(i)}(0,\varepsilon)=O(1),\ \ i=\overline{0,n_1+m-1}$$

$$y^{(n_1+m)}(0,\varepsilon)=O\left(\frac{1}{\varepsilon^m}\right),$$

...,

$$y^{(n+m-1)}(0,\varepsilon)=O\left(\frac{1}{\varepsilon^{m+q-1}}\right),\ \ \varepsilon\to 0.$$

Бұл туындылардың өсу сипатына сүйене отырып, сингулярлы ауытқыған шеттік есептің (1.1), (1.2) шешімі $t=0$ нүктесінде n_1-ші ретті m дәрежелі бастапқы секіріс құбылысына ие деген қорытынды аламыз. Қарастырып отырған кесіндінің сол жақ шетіндегі берілген шеттік есептің шешімінде бастапқы секіріс құбылысы бар және секірістің реті анықталған. Шешім мен интегралдық мүшенің бастапқы секірістерін тұратын өзгертілген ауытқымаған шеттік есеп құрылған. Нәтижесінде алынған шектік көшу туралы теореманы аламыз.

Теорема-3. I-V шарттар орындалсын және

$$\Delta(t)=\sum_{i=1}^{p}\left(\sum_{k=0}^{p-i}(-1)^k\,\overline{H}_{n_1+i+k}^{(k)}(t,0)\right)\Delta_i$$

теңдікті қанағаттандырсын. Онда берілген (1.1),(1.2) сингулярлы ауытқыған шеттік есептің $y(t,\varepsilon)$ шешімі үшін келесі шектік көшу орынды

$$\lim_{\varepsilon\to 0} y^{(j)}(t,\varepsilon) = \bar{y}^{(j)}(t),\ j = \overline{0, n_1 - 1},\ \ 0 \le t \le 1,$$

$$\lim_{\varepsilon\to 0} y^{(j)}(t,\varepsilon) = \bar{y}^{(j)}(t),\ j = n_1, \overline{n+m-1},\ \ 0 < t \le 1,$$

мұндағы $\bar{y}(t)$ - өзгертілген ауытқымаған шеттік есептің шешімі.

2–бөлімде (1.1),(1.2) сингулярлы ауытқыған шеттік есептің шешімінің асимптотикалық жіктелуі жасалды.

2–бөлімде бастапқы секіріс құбылысына ие бірнеше жоғары туындыларының алдында кіші параметрі бар жоғарғы ретті сингулярлы ауытқыған сызықты интегралды-дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есеп қарастырылады. Бұл белгілі бір туындының ретінен бастап, кіші параметр нөлге ұмтылғанда бастапқы нүктедегі шешімдердің туындылары шексіздікке ұмтылатынын білдіреді. Бұрын мұндай теңдеулер кластары зерттелмеген. Қарастырылып отырған есептің шешімдерінің бірқалыпты асимптотикалық жіктелуі кіші параметрдің дәрежесі бойынша кез келген дәлдікте құрастырылған. Шешімнің асимптотикалық жіктелуінің қалдық мүшесінің бағалауы келесі теорема түрінде тұжырымдалып, дәлелденген.

Теорема-7. [0,1] кесіндісіндегі $A_i(t), F(t), i = \overline{0, n+m-1}$ функциясы және $D = (0 \le t, x \le 1)$ анықталу аймағындағы $H_i(t,x),\ i = \overline{0, n_1 + m}$ функциялар $(N + n_2 + m)-$-ші ретті қоса алғанда туындыларымен бірге үзіліссіз болсын және II шарт орындалсын. Сонда, жеткілікті аз мәндері үшін (1.1), (1.2) есептің аралықта шешімі бар, жалғыз және

$$y(t,\varepsilon) = \bar{y}_N(t,\varepsilon) + R_N(t,\varepsilon),$$

түрінде өрнектеледі, мұндағы $\bar{y}_N(t,\varepsilon)$ функциясы

$$\bar{y}_N(t,\varepsilon) = \sum_{k=0}^{N} \varepsilon^k y_k(t) + \varepsilon^{n_1} \sum_{k=0}^{N+n_2+m-1} \varepsilon^k w_k(\tau), \quad \tau = \frac{t}{\varepsilon},$$

формуласымен сипатталады және $R_N(t,\varepsilon)$ қалдық мүшесі үшін келесі бағалау орынды:

$$\left| R_N^{(i)}(t,\varepsilon) \right| \le K\varepsilon^{N+1}, \quad i = \overline{0, n+m-1}, \quad 0 \le t \le 1,$$

мұндағы $K > 0$ - ε нан тәуелсіз тұрақты

Теориялық нәтижені растау үшін моделдеу арқылы сандық мысалдар келтіріледі.

Қорытынды бөлімде жалпы алынған нәтижелерге талдаулар жасалынды.

Алғыс. Автор диссертацияның барлық кезеңдерінде кәсіби басшылығы, құнды ұсыныстары және үздіксіз қолдауы үшін отандық жетекші әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің механика-математика факультетінің «Математика» кафедрасының физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Дауылбаев Муратхан Кудайбергеновичке және шетелдік ғылыми кеңесшісі-Таяу Шығыс техникалық университеті «Математика» кафедрасының физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Марат Ахметке шын жүректен алғысын білдіреді. Олардың терең білімі, зейінді көзқарасы және баға жетпес көмегі зерттеу бағытын қалыптастыруда және алынған нәтижелерге қол жеткізуде маңызды рөл атқарды.

Осы зерттеудің сәтті жүзеге асырылуына ықпал еткен ғылыми зерттеулерді қолдағаны және ғылымның дамуына қолайлы жағдайлар жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Үкіметіне және жұмыс жүргізілген университетке осы зерттеуді жоғары сапалы жүргізуге мүмкіндік беретін ресурстарды, ғылыми инфрақұрылымды және ғылыми зерттеуді жоғары сапалы жүргізуге мүмкіндік беретін ресурстарды, ғылыми инфрақұрылымды және қолдаушы академиялық ортаны қамтамасыз еткені үшін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне алғысымды білдіремін.

1 БАСТАПҚЫ СЕКІРІСТІ СИНГУЛЯРЛЫ АУЫТҚЫҒАН ИНТЕГРАЛДЫ-ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ҮШІН ШЕТТІК ЕСЕП ШЕШІМІНІҢ АСИМПТОТИКАЛЫҚ ЖИНАҚТЫЛЫҒЫ

1.1 Есептің қойылымы

Келесі түрдегі сингулярлы ауытқыған жоғарғы ретті сызықты интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есепті қарастырайық

$$L_\varepsilon y = \sum_{r=1}^{m} \varepsilon^r A_{n+r}(t) \frac{d^{r+n} y}{dt^{r+n}} + \sum_{k=0}^{n} A_k(t) \frac{d^k y}{dt^k} = F(t) + \int_0^1 \sum_{j=0}^{n_1+p} H_j(t,x) y^{(j)}(x,\varepsilon) dx,\ p = \overline{1,m}, \tag{1.1}$$

$$\begin{aligned} h_{i+1} y(t,\varepsilon) &\equiv y^{(i)}(0,\varepsilon) = \alpha_i,\ i = \overline{0,l-1}, \\ h_{l+1+i} y(t,\varepsilon) &\equiv y^{(i)}(1,\varepsilon) = \beta_i,\ i = \overline{0,q-1}, \end{aligned} \tag{1.2}$$

мұндағы $\varepsilon > 0$ – кіші параметр, α_i, β_i – белгілі тұрақтылар, $A_{n+m}(t) = 1,\ m+n = l+q$.

Келесі шарттар орындалсын:

I. $A_i(t) \in C^{n+m-1}([0,1]),\quad i = \overline{0,n+m},\quad F(t) \in C([0,1]), H_i(t,x) \in C^{m-1}(D),$

$i = \overline{0,n_1+p},\quad D = (0 \le t \le 1, 0 \le x \le 1).$

II. Қосымша сипаттауыш $\mu^m(t) + A_{m+n-1}(t)\mu^{m-1}(t) + \ldots + A_n(t) = 0$ теңдеуі m теріс әртүрлі түбірлерге ие және $m < l,\ l - m = n_1$.

III.

$$\overline{J}_0 = \begin{vmatrix} h_1 y_{10}(t) & h_1 y_{20}(t) & \ldots & h_1 y_{n0}(t) \\ \ldots & \ldots & \ldots & \ldots \\ h_{n_1} y_{10}(t) & h_{n_1} y_{20}(t) & \ldots & h_{n_1} y_{n0}(t) \\ h_{l+1} y_{10}(t) & h_{l+1} y_{20}(t) & \ldots & h_{l+1} y_{n0}(t) \\ \ldots & \ldots & \ldots & \ldots \\ h_{n+m} y_{10}(t) & h_{n+m} y_{20}(t) & \ldots & h_{n+m} y_{n0}(t) \end{vmatrix} \neq 0,$$

IV. 1 саны ε параметрінің жеткілікті аз мәнінде $H(t,s,\varepsilon)$ өзегінің меншікті мәні болмасын.

V.

$$\overline{\Delta} = \begin{vmatrix} 1+\overline{d}_{l+1}(1) & \overline{d}_{l+2}(1) & \dots & \overline{d}_{l+q}(1) \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ \overline{d}_{l+1}^{(q-1)}(1) & \overline{d}_{l+2}^{(q-1)}(1) & \dots & 1+\overline{d}_{l+q}^{(q-1)}(1) \end{vmatrix} \neq 0,$$

мұндағы $\overline{d}_{l+i}^{(j)}(1),\ i=\overline{1,q},\ j=\overline{0,q-1}$ (1.1) теңдеудің коэффициенттері арқылы өрнектеледі.

1.2 Іргелі шешімдер жүйесін құру

(1.1) теңдеу үшін біртекті сингулярлы ауытқыған дифференциалдық теңдеу қарастырайық

$$L_\varepsilon y \equiv \sum_{r=1}^{m} \varepsilon^r A_{n+r}(t)\frac{d^{r+n}y}{dt^{r+n}} + \sum_{k=0}^{n} A_k(t)\frac{d^k y}{dt^k} = 0. \qquad (1.3)$$

Лемма 1. Егер I-II шартар орындалса, онда (1.3) теңдеуінің іргелі шешімдер жүйесі $O(\varepsilon)$ дәлдікпен келесі түрде өрнектеледі:

$$y_i^{(j)}(t,\varepsilon) = y_{i0}^{(j)}(t) + O(\varepsilon),\quad i=\overline{1,n},\qquad j=\overline{0,n+m-1},$$

$$y,_{n+r}^{(j)}(t,\varepsilon) = \frac{1}{\varepsilon^j}\exp\left(\frac{1}{\varepsilon}\int_0^t \mu_r(x)dx\right)(y_{n+r}(t)\mu_r^j(t) + O(\varepsilon)),\ r=\overline{1,m},\ j=\overline{0,n+m-1}, \qquad (1.4)$$

мұндағы $y_{io}(t),\ i=\overline{1,n}$ функциялары

$$\begin{cases} A_n(t)y_{io}^{(n)}(t) + \dots + A_0(t)y_{io}(t) = 0, \\ y_{io}^{(j)}(0) = \delta_{i-1,j},\ j=\overline{0,n-1},\ i=\overline{1,n} \end{cases} \qquad (1.5)$$

есебінен анықталады, мұндағы δ_{ij} – Кронекер символы, $y_{n+r}(t),\ i=\overline{1,m}$ функциялары

$$\begin{cases} p_r(t)y'_{n+r,0}+q_r(t)y_{n+r,0}=0 \\ \\ y_{n+r,0}(0)=1,\ r=\overline{1,m,} \end{cases} \tag{1.6}$$

есебінің шешімі болады, ал

$$p_r(t)=\sum_{i=0}^{m}A_{n+i}(t)(n+i)\mu_r^{n+i-1}(t),$$

$$q_r(t)=\mu'_r(t)\sum_{i=0}^{m}A_{n+i}(t)C_{n+i}^2\mu_r^{n+i-2}(t)+A_{n-1}(t)\mu_r^{n-1}(t),\ r=\overline{1,m},$$

$$C_{n+i}^2=\frac{(n+i)!}{2!(n+i-2)!},\ i=\overline{0,m}.$$

(1.4) іргелі шешімдер жүйесі көмегімен вронскиан анықтауышының асимптотикалық сипатын аламыз:

$$W(t,\varepsilon)=\frac{1}{\varepsilon^{\lambda}}e^{\frac{1}{\varepsilon}\int_0^t\mu(x)dx}\pi(t)\omega(t)\overline{W}(t)(1+O(\varepsilon))\neq 0, \tag{1.7}$$

мұндағы $\overline{W}(t)-$ауытқымаған (1.5) теңдеуінің іргелі шешімдер жүйесінің вронскианы, яғни

$$\overline{W}(t)=\begin{vmatrix} y_{10}(t) & \dots & y_{n0}(t) \\ \dots & & \\ y_{10}^{(n)}(t) & \dots & y_{n0}^{(n)}(t) \end{vmatrix},\quad \lambda=\frac{2n+m-1}{2}m$$

$$\pi(t)=\prod_{k=1}^{m}y_{n+k,0}(t)\mu_k^n(t),\quad \mu(t)=\mu_1(t)+\dots+\mu_m(t),$$

ал, $\omega(t)$ анықтауышы $\mu_k(t),k=\overline{1,n}$ функцияларынан құралған m-ретті Вандермонд анықтауышы, яғни

$$\omega(t)=\begin{vmatrix} 1 & 1 & \dots & 1 \\ \mu_1(t) & \mu_2(t) & \dots & \mu_m(t) \\ \dots & & & \\ \mu_1^{m-1}(t) & \mu_2^{m-1}(t) & \dots & \mu_m^{m-1}(t) \end{vmatrix} \neq 0.$$

1.3 Коши функциясын құру

Анықтама 1.1.

$$\begin{cases} L_\varepsilon K\ (t,s,\varepsilon)=0,\ \ 0\le s\le t\le 1, \\ \\ K^{(j)}(s,s,\varepsilon)=0,\ j=\overline{0,n+m-2},\ \ K^{(n+m-1)}(s,s,\varepsilon)=1 \end{cases} \tag{1.8}$$

есебінің шешімі болатын $K(t,s,\varepsilon),\ 0\le s\le t\le 1$ функциясы *Коши функциясы* деп аталады.

I-II шарттары орындалғанда, $K(t,s,\varepsilon)$ функциясы

$$K(t,s,\varepsilon)=\frac{W_{n+m}(t,s,\varepsilon)}{W(s,\varepsilon)} \tag{1.9}$$

формуласымен анықталады, мұндағы $W_{n+m}(t,s,\varepsilon)-W(s,\varepsilon)$ вронскианның $n+m$-ші жатық жолын (1.3) теңдеуінің $y_1(t,\varepsilon),y_2(t,\varepsilon),...,y_{n+m}(t,\varepsilon)$ іргелі шешімдер жүйесімен алмастырғандағы $n+m$-ші ретті анықтауышты айтады:

